



Артикуляциялық жаттығулар

№1 «Күрекше»

Сипаттамасы: Тіл босаңсытылады,
жалпақ күйге енгізіледі де,
төменгі ерін үстіне қойылады.
Осы қалыпта
бірнеше секунд ұстап тұру керек.

№2 «Шәшке»

Сипаттамасы: Ауыз кең ашылады,
жалпақ қалыптағы тіл
жоғары көтеріледі де,
шәшке формасы беріледі.
Тілдің шеттері тіске тимейді.

№3 «Инеше»

Сипаттамасы: Ауызды кең ашып,
тілді алға қарай жіңішкертіп
шығарып
10-15 секунд ұстап тұру керек.



№4 «Төбешік»

Сипаттамасы: Ауызды жартылай ашып,
тілдің екі жақ шетін
жоғарғы азу тістерге жапсырып,
тілдің ұшын астыңғы тіске тіреп ұстау.

№5 «Түтікше»

Сипаттамасы: Тіл шығарылады да,
түтікше түріне енгізіледі. Алдымен жайлап,
сонан соң біртіндеп жоғарырақ ырғаққа
көшу керек.



№6 «Сағат»

Сипаттамасы: Тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек.

№7 «Дәмді тосап»

Сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғарғы ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу керек. Жаттығуды орындау барысында тек тілдің жұмыс істеуін, иектің қозғалмауын қадағалау керек.





№8 «Ат шауып келеді»

Сипаттамасы: Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыру – ажырату немесе таңдай қағу. Тілдің толықтай көтерілуін қадағалау керек.

№9 «Саңырауқұлақ»

Сипаттамасы: Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып, төменгі жақты басып ұстау.



№10 «Гармошка»

Сипаттамасы: Ауызды кең ашып,
гармошканың жұмыс жасау
қалпын көрсету.

Қайталап ауызды қатты ашып, тілді
жоғарғы қалыпта ұстау керек.

№11 «Әткеншек»

Сипаттамасы: Ауызды кең ашып, жалпақ
тілді астыңғы тістердің артына (ауыз
қуысының ішінде) орналастыру. Осы
қалыпта тілді жоғары көтеріп,
дәл осылай істеу керек.



№12 «Жылан»

Сипаттамасы: Ауызды кең ашып, тілді молырақ алға қарай жылжытып, жіңішкертіп, қатайтып ұстап, сосын осы қалыпта ауыз қуысына кіргізу.

№13 «Сылақшы»

Сипаттамасы: Ауыз сәл ашық, тілді шығарып әуелі жоғарғы ерінді, сосын төменгі ерінді жалау.

Бағытын өзгерте отырып 10-15 рет қайталау керек.

№14 «Параход»

Сипаттамасы: Тілдің ұшы төмен және ауыз қуысында терең орналасуы керек, ал тіл арқасы таңдайға қарай көтеріңкі болуы керек.

**Еріннің қозғалу қабілетін
дамытуға арналған жаттығулар**

№15 «Қаша»

**Сипаттамасы: Тістер біріктірілген,
ерін кең ашылып, күлімсіреді.
Тілдің ұшы тістерге жабысқан
болуы керек.**

№16 «Тоқаш»

**Сипаттамасы: Еріндер біріктірілмеген,
дөңгеленіп тұрады. Тілді сүйірлеп,
ортада ұстау керек.**

№17 «Керней»

**Сипаттамасы: Ауызды кең ашып,
біріктірілмеген еріндер алға қарай
созылады.**

№18 «Пілдің тұмсығы»

Сипаттамасы: Еріндер біріктірілген және алға қарай қатты созылады. Жаттығу барысында еріннің ажырап кетпеуін қадағалау қажет.

№19 «Үйректің тұмсығы»

Сипаттамасы: Еріндер біріктірілген, алға қарай созылады – жоғарғы ерін жоғары қарай көтерілген, төменгі ерін төмен қарай түсірілген.

№20 «Терезе»

Сипаттамасы: «Ыстық» – ауыз үлкен болып ашылады, ауызды жабу – «суық».

№21 «Шар»

Сипаттамасы: Ұртты толтыру, ауаның бәрін шығарып ұртты жинау.

**Тілдің қозғалғыштық қабілетін
дамытуға арналған жаттығулар**

№22 «Ұн илейміз»

**Сипаттамасы: Жымиып, «пя-пя-пя...»
деп тілмен еріндер арасында шалпылдату.**

№23 «Құймақ пісіреміз»

**Сипаттамасы: Жымиып, ауызды кең
ашып, тілдің алдыңғы бөлігін төменгі
ерінге салу керек. Тілді бірқалыпты
жағдайда санау арқылы
1-ден 5-ке дейін, одан кейін
1-ден 10-ға дейін ұстап тұру керек.**

№24 «Тіліміздің күші көп»

**Сипаттамасы: Тістер біріктірілген, тілді
төменгі, одан кейін жоғарғы тістерге
күшпен басады.**

№25 «Тісімізді тазалаймыз»

Сипаттамасы: Жымиып, тістерді көрсету.
Ауызды ашып, тілдің ұшымен
жан-жаққа, одан кейін жоғарыдан төмен
қарай қозғалыстарды жасау.

№26 «Баспалдақтар»

Сипаттамасы: Тілдің ұшы біресе жоғарғы,
біресе төменгі тістерге тиеді.

№27 «Тарак»

Сипаттамасы: Жоғарғы тістер тілді
«тарайды».

№28 «Кеме келе жатыр»

Сипаттамасы: Ауызды ашу, жымиып
күшпен «ы-ы-ы...» деп айту.